# "Есімдері ел есінде- біртуар тұлғалар"



Жұмыс авторы: ***Нұрқасен Нұрбек***
"Алматы энергетика және байланыс университеті", "Электроэнергетика", 1_курс(ЭЭк-20-6), Алматы облысы,Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылы;
Жетекшісі: ***Сауле Байдильдина*** , "Әлеуметтік пәндер кафедрасының " доценті

2020 жыл

# 1)ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ:

- 1) Жас ұрпақтың өз отанын сүюін, өз елінің тарихын білуін арттыру;
- 2)Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды пайымдау;
- 3)Өз елінің тарихи тұлғаларын білу, дәріптеу сынды танымдық белсенділіктерін дамыту;
- 4)Патриоттық рухты,сезімді ояту;
- 5)Туған өлкенің тірі куәгерлерін,бейбіт күндегі ерлік істеген батырларымыздың елеулі еңбегін бағалау;



***Жоспар:***

1)Туған өңірдің біртуар тұлғалары;

2)Туған өлкенің тірі тарихи куәгерлерін саралау;

3)Жетісу жеріндегі тұңғыш дәрігер тұлғалары;

4)Туған өлке Батырлары;

5)Білім саласындағы ардагерлер



*2)Есімдері ел есіндегі тұлғарымыз әрине бар олардың абыройлы да елеулі еңбектерін ауыз толтыра айта аламыз.*
*Бірақ мен  өзімнің туған өлкем ",Жер жәннаты-Жетісу",дәлірек айтқанда Алматы облысы ,Талдықорған өңірімнің-біртуар тұлғаларын баяндауды жөн көрдім!*



***Әр халықтың,әр адамның қасиетті борышы :Отаны үшін қызмет қылған азаматтардың есімдерін мәңгі сақтап қалу. Олардың  ерлігін насихаттау ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.***

## *3) ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТІРІ ТАРИХИ КУӘГЕРЛЕРІН САРАЛАУ :*

- **Айдын Ақанұлы Айымбетов** 1972 жылы Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылында туылған. Шыққан руы жалайыр. Мектепті алтын медальмен бітірген. 1993 жылы Армавирдегі жоғарғы әскери авиациялық училищені "ұшқыш-истребитель" мамандығы бойынша бітірген Қазақстан ғарышкері, Халық қаһарманы. 2015 жылы 2 қыркүйекте 2-борт инженер ретінде Байқоңыр ғарыш стансысынан Халықаралық ғарыш стансасына аттанды. Ғарышта 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді.





2)Халықаралық ғарыш станциясынан оралған Айымбетовті елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі күтіп алды

# 4)Жетісу жеріндегі тұңғыш дәрігерлер

**Қазақстанның барлық өңірі сияқты Жетісу жерінде де халық емшілігі көне заманнан бастау алып дамыған.**
**Тарихи деректерден белгілі болғандай, ертеде ел аоасында безгек,оба,шешек, туберкулез ,қызылша және басқа да жұқпалы аурулар Жетісуда адамдарды қынадай қырған .**
**Осы бір ауыр сәттерде Жетісудан шыққан ортағасырлық емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы**



| Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы | |
|---|---|
| Дүниеге келгені: | 1388 жылы<br>Жетісу |
| Қайтыс болғаны: | 1478 жылы<br>Жетісу |
| Мансабы: | емші |

*"Менен ұрпақ қалмаса да,күндердің күнінде мені әлемге әйгілейтін "Шипагерлік баяным" артымда қалмақ"*

"

**"Шипагерлік баян "(1470)атты кітабында мыңнан астам дәрі түрлерін тоғыстыру арқылы 4 мыңнан астам шипалық шаралардың қолданымын ұсынып,өсімдіктерден 854,жан-жануарлардан455түрлі шипалық қасиеті бар дәрілер алынатынын айтады. Оның бұл еңбегі қазаөтың дәстүрлі медициналық тәжірибесі туралы мейлінше мол мағлұмат береді.**





**Әбен Ізбасаров**

***Бұрыңғы Киров ауданының Лабасы ауылында дүниеге келген 1942 жылы шаруа отбасында дүниеге келген . Урология саласының жан- жақты дамуына үлес қосқан маман . Ота жасаудағы білімі мен әдістемесі медицина саласында үлкен жетістіктерге жеткізді. Ол денсаулық саласының үздігі,еңбек ардагері.***





**Николай Желваков(1993-1960)**

***1935 жылы дәрігер- хирург Николай Васильевич Желваковтың бастамасымен Талдықорғпн қаласында 50 орындық аурухана мен емхана ашылып,онда 6 дәрігер қызмет атқарды.***




***Н.В.Желваков Талдықорған қаласындағы ең көне оқу орындарының бірі саналатын медицина колледжінің негізін қалаған адам.***

# 6)ТУҒАН ӨЛКЕ БАТЫРЛАРЫ (ҰЛЫ ОТАН СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ)



- 1941 жылы 15 қарашада Германия әскерлері 51 дивизиямен Мәскеуге екінші ,негізгі шешуші шабуылды бастады. 16армияның құрамында Алматыда жасақталған генерал майор И.В.Панфилов басқарған 316- атқыштар дивизиясы Мәскеу түбіндегі Волоколамск тас жолын қорғады. 28 панфиловшының 23 қаза тапты , бірақ жау танкілері олардың шебінен өте алмады.Кеңес өкіметінің 1942 жылғы 21шілдедегі шешімiменбарлығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың ішінде Алматы облысының қаһарман жауынгерлері де бар .Олар:Григорий Михеевич Безродных,Нарсұтбай Есеболатов,Әлиасқар Қожабергенов,Әлікбай Қосаев,Мұсабек Сеңгірбаев,Петр Борисович Вихрев,Иван Демидович Шадрин,Петр Данилович Дутов,Дмитрий Митрофанович Калейников,Никита Андреевич Митченко,Иван Моисеевич Натаров.

7)***Соңымен қатар ,мен  Ұлы Отан Соғысына қатынасқан өзімнің  аталарымды да бұл қатарға қосқанды дұрыс деп санадым,***
***Себебі, жас ұрпақ  ретінде бабаларымның ерлігін  баяндау,мен үшін қасиетті борыш деп білдім!Әрине "Ел есіндегі біртуар тұлға" болмаса да, мен үшін үлкен тұлға  саналады.***

1)Шнарбеков Нұркасен(атасы)
1926 жылы  Талдықорған облысы,Бөрлі- Төбе ауданы,М.Төлебаев ауылында дүниеге келген.
Соғыс майданына 1945 жылы 1-қаңтар күні аттанды.
1)1945-жылдың  қаңтар мен наурыз айларында"50- запасной стрелк.полк" әскери бөлімінің "атқыштар"қатарында болады ;
2)1945 жылдың наурыз айынын бастап "линейный надсмотрщик" дәрежесінде қызмет қылады

Мараппатары және төс белгілері:

**"Орден Отечественной войны II степени"**













Және т.б.

Әскери билет:









8)**Шнарбеков Кабдулла**(атасының ағасы) :

***1904 жылы туылған;***
***1941 жылы соғысқа аттанады.***
***Әскери дәрежесі: Қызыл әскер(красноармеец)***
***Ерлігі :өз миномитінен 3 пулеметтық нүктені басып салды;***
***Отан үшін шайқастарда бір контузия және бірнеше жарақат алды.***




9)**Шнарбеков Нурмукан**(атасының ағасы)

**1907 жылы дүниеге келді;**
**1942 жылы соғыс майданына аттанады;**
**Әскери дәрежесі:Қызыл әскер(красноармеец)**
**Нақты ақпарат жоқ : "із-түссіз жоғалып кеткен"**

Федора Егоровича за то, что 14 января 1944 года при прорыве обороны противника в районе порожки, из своего миномета подавил три пулеметных точки противника, препятствующие взятию опушки леса, что 500 м севернее порожки. За время отечественной войны, в боях за социалистическую Родину имеет одно ранение и одну контузию.

14. стрелка 8 стрелковой роты, красноармейца Шнарбекова Кабдуллу за то, что 15 января 1944 года, будучи в составе [illegible] стрелковой [illegible], с группой бойцов в количестве четырех человек блокировали ДЗоТ противника. За время отечественной войны, в боях за социалистическую Родину имеет три ранения. 1904 года рождения, казах, беспартийный, призван в Красную Армию в 1941 году Бервутинским РВК Алматинской области. Домашний адрес: [redacted]. Награжден медалью "За оборону Ленинграда в 1943 году, ранений три.

10)***Білім саласының ардагерлері:***

Барлыбек Сыртанов

1866 жылы бұрынғы Жетісу облысы, Қапал уезі, Арасан болысы - 26 қазан 1914 жылы дүниеге келген.Қоғам қайраткері



**Сыртанов Верныйдағы ер балалар гимназиясын бітірген соң Санкт Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға түседі**

**Барлыбек Сыртанов Санкт Петербург қаласында оқып жүргенінде профессор,атақты химик Д.И.Менделеевпен таныс болған екен.Оқу бітіріп ,еліне келген соң,"Дәрілік өсімдіктер" деген көлемді еңбек жазыпты**

**1910-1913 жылдар аралығында Б.Сыртанов өз тарапынан құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің отары қатарынан шығаруды көздеген Жарғы әзірлейді**



Мұхтар Арынов (1936-1995)

***Ақсу ауданында дүниеге келген.Ғалым филология ғылымының кандидаты,профессор. Белгілі мемлекет қайраткері. Ол Қазақстағ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы, "Тілдер туралы","Жоғары білім туралы"заңдарын қабылдау жұмыстарына қатысты.***

11)***Еділ Ерғожин***

***(1941-2020)***

***1941 жылы Ескелді ауданы, Екпінді  ауылында дүниеге келді.Ғалым химия ғылымдарының докторы,профессор. Еділ Ерғожаұлы химия саласында дүниежүзіне белгілі қазақстандық ғылыми мектептің негізін қалаушы, ҚР ғылым мен жоғары білімнің белгілі ұйымдастырушысы. ҚРҰлттық ғылым академиясының академигі,Қазақстанға еңбегі сінген ғылым қайрпткері.Ол-Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері,Алматы облысының Құрметті азаматы.***



# "ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ"


- *1)"Өлкетану" кіріктірілген оқу курсының материалдары, -Алматы 2018*
- *Электронды ресурстар:*
- *2)qamshy.kz Ақпараттық порталы*
- *3)7-su.kz Алматы облыстық "Жетісу" газеті*
- *4)https://www.kt.kz/rus/about/podvig_naroda_1377895030.html Ұлы Отан Соғыс Ардагерлерінің архивтерін іздестіру сайты*
- *5)zhardem.kz ЖәрдемРеспубликалық қоғамдық- медициналық апталық газетінің ресми сайты*

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!